«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысының

№5 хаттамасы

«25» мамыр 2023 жыл

Ақтөбе қаласы «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қатысқандар саны -6

Қатыспағандар-3

Қатысқандар:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы - Қ.Қ.Табаналы
2. Қамқоршылық кеңестің орынбасары – М.Қ.Танжарбай
3. Кеңес мүшесі – Ш.Б.Абишева
4. Кеңес мүшесі – М.С.Шукралиева
5. Кеңес мүшесі – Г.М.Утарова
6. Кеңес мүшесі- Б.Б.Дүйсенова

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Қосымша білім беру бойынша ақылы үйірмелер ашу
2. Жазғы лагерьді ұйымдастыру
3. 2022-2023 оқу жылын аяқтау жөнінде тұжырымдама

Соңғы қоңырау мерекесіне ата-аналар тарапынан қаражаттың жиналмау мәселесі

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Қ.Табаналы күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша, сөз кезегі мектеп директоры Д.Н.Кудайбергеновке берілді. Қазіргі таңда біздің басты мақсатымыз — шығармашыл, жан-жақты, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Осы орайда оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту — мектеп мұғалімдердің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі. Жыл бойына мектебімізде спорт секциялары, қолөнер, шахмат, үстел теннисі жұмыс жасады. Қосымша білім беру мәселесі бойынша жыл бойына ата-аналардың ұсынысын ескере отырып, алдағы оқу жылында ақылы үйірмелерді ашу ойымызда бар. Осыған орай мектеп астындағы жертөлені тиімді пайдалануымыз керек. Жертөленің биіктігі 1,90 м шамалас, оқушыларға кедергі келтірмейді. Осы жерден 4-5 кабинетті жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жабдықтап алсақ деген ұсынысымыз бар. Ол үшін жергілікті әкімдіктен, СЭС мамандарынын рұқсатын алып, құжаттар барлық заңдарға сәйкес болуы керек.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Қ.Табаналы сөз алды:** Ұсыныңыз әрине орынды. Ата-аналардың көпшілігі қазір жұмыста, баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыра алмай жатады. Балалар өздері сыртқа, қалаға қосымша ақылы үйірмелерге барып жатады. Бұл баланың өміріне де қауіпті, машина жүрісі өте көп. Мектеп жанында қосымша ақылы үйірмелер болса, әрине оқушылардың қатысып, өз –өздерін дамытып, спорт түрлерін игергені жақсы. Бірақ өздеріңіз айтып өткендей барлық санитарлық талаптарға сай болу тиіс. .

**Кеңес мүшесі – Ш.Б.Абишева сөз алды:** Егер мектеп жанында қосымша ақылы үйірмелер болса, балаларымызды осында жіберер едік. Оқушылар уақыттарын да үнемдер еді. Бір жағынан балалар қалаға шығып, қашан қайтар екен деп уайымдамаймыз. Бұл ұсынысты қолдаймыз.

**Екінші мәселе бойынша,** әлеуметтік педагог Ж.Н.Иса жазғы лагерьдің ұйымдастырылуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды:

2022-2023 оқу жылының аяғында оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік және қала сыртында лагерьлер ұйымдастырылу жоспарлануда.

Атап айтар болсақ, бірінші кезең мектепішілік жазғы сауықтыру лагерь 05 маусыммен -17 маусым аралығында 30 бала, сыртқы лагерьге 10 бала қамтылуы жоспарланып отыр. Лагерьге атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларымен, көп балалы, аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және төтенше жағдайға тап болған балалар

статусы жатады. Қазірге таңда балалардың тізімі жасақталып, ата-аналармен лагерьге дайындық жұмыстары жүргізіліп атыр. Қалалық білім бөлімінен бекітілген ас мәзірімен бойынша оқушыларды тамақтану, жатын орындарымен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар қала сыртындағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында лагерьге атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларымен, көп балалы аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және төтенше жағдайға тап болған балалар арасынан 10 бала қамтылу көзделген. Құжаттардың барлығы ХҚКО –на тапсырылады, сол жақ қабылдап алады. Ал біздің тарапымыздан оқушылардың тізімі жасақталды.

Алдарыңызға мектеп жанындағы жазғы лагерьдің І кезеңіне құжат тапсыратын 30 оқушының тізімін ұсынамын:

| № | Оқушының аты-жөні | Класы | Статусы |
|---|---|---|---|
| 1 | Бақыт Рамазан Арманұлы | 1 А кл | Аз қамтылған |
| 2 | Асылбекұлы Диас | 1 Б кл | АСП |
| 3 | Бақыткерей Әмір Рүстемұлы | 1 Б кл | Аз қамтылған |
| 4 | Сағынай Медина Бауыржанқызы | 1 В кл | Аз қамтылған |
| 5 | Батырханов Ернар Еркұланұлы | 2 А кл | Аз қамтылған |
| 6 | Алатаева Айзере Нұрхатқызы | 2 Ә кл | Аз қамтылған |
| 7 | Айбекұлы Аңсар | 2 Б кл | Аз қамтылған |
| 8 | Бақыткали Ақбота Ердаулетқызы | 2 Б кл | Көп балалы |
| 9 | Есенбай Жансерік Нұрболатұлы | 2 В кл | Аз қамтылған |
| 10 | Тыныштыбай Айжан Нұрлыбекқызы | 2 Г кл | Кө балалы |
| 11 | Әбдікадір Мейірім Жанболатқызы | 2 Г кл | АСП |
| 12 | Мурат Мансур Абзалұлы | 2 Ғ кл | Аз қамтылған |
| 13 | Жолдыбаев Аян Жанболатұлы | 2 Ғ кл | АСП |
| 14 | Бибіт Бекмырза Абзалұлы | 2 Ғ кл | Аз қамтылған |
| 15 | Арун Айкөркем Бауыржанқызы | 2 Д кл | Аз қамтылған |
| 16 | Нұрбергенов Бақдаулет Ақдаулетұлы | 2 Д кл | Аз қамтылған |
| 17 | Айдарбекова Ару Ғаниқызы | 3 А кл | Аз қамтылған |
| 18 | Наурызбай Ғаділет Болатұлы | 3 Ә кл | Аз қамтылған |
| 19 | Бақыт Азамат Арманұлы | 3 В кл | Аз қамтылған |
| 20 | Кенжебаева Диана Жантургановна | 3 В кл | Аз қамтылған |
| 21 | Алатаева Дильяра Нұрхатқызы | 3 Г кл | Аз қамтылған |
| 22 | Әбдіқадір Инабат Жанболатқызы | 3 Г кл | АСП |
| 23 | Сарманов Али Қуандықұлы | 3 Ғ кл | Аз қамтылған |
| 24 | Құрбанбай Інжу Нұрланқызы | 3 Ғ кл | Аз қамтылған |
| 25 | Бибіт Жанайым Абзалқызы | 4 А кл | Аз қамтылған |
| 26 | Бегімбетова Алия | 4 Б кл | АСП |
| 27 | Аманбай Айша Жандосқызы | 4 Б кл | Аз қамтылған |
| 28 | Таңатова Томирис Ерғалиқызы | 4 В кл | АСП |
| 29 | Нұркелді Көркем Нұркелдіқызы | 4 Г кл | АСП |
| 30 | Абзалқызы Меруерт | 4 Г кл | Аз қамтылған |

**Сөз алды**: Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қ.Қ.Табаналы мектепте ерекше санаттағы оқушылардың тізімімен, құжаттарымен танысып шықтық. Бізде жалпы мектепте ерекше санаттағы санын және бұл оқушылардың қанша пайызын лагерьмен қамтамасыз етілуі тиіс екендігін сұрады.

**Әлеуметтік педагог Ж.Н.Иса :** 1-4 класс бойынша ерекше санатта 128 оқушы білім алады, жалпы оқушылардың 60-70 пайызы қамтылуы тиіс. І кезеңде мектеп жанында 30 бала, қала сыртындағы лагерьге 10 бала, ата-аналардың өтінішіне қарай жазғы лагерьдің 2 кезеңін ұйымдастырып, мектеп жанында тағы 30 баланы, ал қала сыртына 10 баланы қамту жоспарлануда. Сонда барлығы 80 бала қамтылады.

**Қамқоршылық кеңес мүшесі М.С.Шукралиева** оқушылардың жазғы демалысын өте тиімді өткізуге мектеп жанындағы лагерьдің болуының ықпалын атап өтті. Лагерь бағдарламасын қызығырақ өткізсе, тиімді ойындар мен дамытатын тілдік сабақтардың болуына басты назар аудару қажеттігіне тоқталды.

**Үшінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Қалдыбаева сөз алды:** Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері 2022-2023 оқу жылын аяқтауға санаулы күндер қалды. Сіздерді жалпы білім беретін мектептерде 2022-2023 оқу

жылын аяқтау туралы тұжырымдамасымен таныстырайын. Биылғы оқу жылының мектеп бітіру кештерін ұйымшылдықпен өткізу, бітірушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, құқық бұзушылықты болдырмау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында білім басқармасының бұйрығы шығарылып, жалпы білім беретін мектептерде 2022-2023 оқу жылын аяқтау жөнінде тұжырымдама ұсынылды. Аталған бұйрыққа сәйкес, оқу жылын аяқтау шараларын ұйымдастыруға және мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізуге оқушылар мен ата-аналардан, педагогтардан ақша жинауға қатаң түрде тыйым салынған.

«Қатаң түрде ескертетін жәйт, барлық білім бөлімдерінің басшылары мен мектеп директорларына мектеп бітіру кештерін өткізу барысында бітірушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпсіз жағдай жасалуын қамтамасыз ету қажет, бітіру кештерін міндетті түрде мектеп қабырғасында және ауласында өткізу, шараға бітірушілердің мектеп формасымен қатысуын және барынша қарапайым түрде өткізілуін қамтамасыз ету жүктелген.

Сонымен қатар үйлер мен ресторандарда, басқа да ойын-сауық орындарында мектеп бітіру кештерін өткізу және бітірушілердің автокөліктермен кортежге шығуына жол бермеу, бітірушілердің өмір қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу бағытында медициналық, өрт қызметтері, ішкі істер органдарымен бірлесіп шаралар қабылдау және мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру үшін ана-аналардан ақша жинамауды, ата-аналар тарапынан мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар берілуіне жол бермеуді және шараларды мектептің қолда бар мүмкіндігімен ұйымдастыру керектігі ескертіледі. Сондай-ақ, табиғат аясына серуендеуге, өзен, көлдерге, шағын су алаптарына суға түсуіне тыйым салу және төтенше жағдай бөлімдерімен бірлесіп кезекшілік ұйымдастыру, бітірушілер, ата-аналар және педагогтар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп белсенді түрде жүргізу ұсынылған. Осы тұжырымдама негізінде мектепішілік бұйрық шығарылып, осы бұйрыққа сәйкес жұмыстанып жатырмыз.

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қ.Қ.Табаналы сөз алды:** 2022-2023 оқу жылының сәтті аяқталуымен құттықтаймыз. Түлектерімізге сәт сапар. Алда келе жатқан емтихандар да сәтті өтсін. Тұжырымдамамен таныстық, бүгін күн тәртібінде көтерілген мәселелерге қарсылығымыз жоқ.

Қаулы:

1. Мектеп жанында ақылы үйірмені ашу мәселесі СЭС, жергілікті акимат шешімі мен рұқсатына байланысты келесі отырыста қарастырылсын.
2. Мектеп әкімшілігінің оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жоспарларына, оның ішінде қала сыртындағы лагерьге 20 және мектеп жанындағы лагерьге 60 оқушының қамтылуына келісім берілсін және жоғарыдағы тізімде көрсетілген 30 оқушының құжаттары қаралып , рұқсат етілсін.
3. 2022-2023 оқу жылының аяқталу тұжырымдамасы басты назарға алынып, мектеп әкімшілігінің тыйым салған шараларына келісім берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы - Қ.Қ.Табаналы
2. Қамқоршылық кеңестің орынбасары – М.Қ.Танжарбай
3. Кеңес мүшесі – С.М.Сауанаев
4. Кеңес мүшесі – М.Б.Байдрахманов
5. Кеңес мүшесі – М.С.Шукралиева
6. Кеңес мүшесі – Ш.Б.Абишева
7. Кеңес мүшесі – Г.М.Утарова
8. Кеңес мүшесі – Д.М.Сембай
9. Кеңес мүшесі Б.Б.Дүйсенова

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Қ.Табаналы

Хатшы Г.М.Бекешева